



031200, Ақтөбе облысы
Шалқар қаласы,
Әйтеке би 47 А
Тел: 8(71335) 21-4-25
Факс: 8(71335) 21-2-99
E-mail maslihat-shalkar@mail.ru

18-қазан 2018ж.

031200, Ақтөбінская область
г.Шалқар,
ул.Айтеке би 47 А
Тел: 8(71335) 21-4-25
Факс: 8(71335) 21-2-99
E-mail maslihat-shalkar@mail.ru

18-сентябрь 2018г.

№ *23*

**Шалқар аудандық мәслихатының
кезектен тыс отызыншы
сессиясын шақыру туралы**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 18 бабының 4 тармағының 1 тармақшасына сәйкес, **ШЕШІМ ЕТЕМІН:**

Шалқар аудандық мәслихатының кезектен тыс отызыншы сессиясын 2018 жылы 19 қазан күні жергілікті уақытпен сағат 10.00-ге шақырылсын.

Сессияның күн тәртібіне мына мәселелер енгізілсін:

1. Шалқар аудандық мәслихатының 2018 жылғы 30 қаңтардағы №173 «Шалқар ауданы бойынша 2018-2019 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарын бекіту туралы» шешімінің күші жойылды деп тану туралы.

Хабарламашы: А.Беркімбаев – «Шалқар аудандық жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы.

2. Шалқар аудандық мәслихатының 2017 жылғы 30 қазандағы №136 «Шалқар ауданында тұрғын үй көмегін көрсету мөлшерін және тәртібін айқындау туралы» шешіміне толықтырулар енгізу туралы.

Хабарламашы: А.Бурамбаева - «Шалқар аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы.

3. Шалқар аудандық мәслихатының 2013 жылғы 24 қыркүйектегі №102 «Шалқар ауданының ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына отын сатып алу үшін әлеуметтік көмек көрсету туралы» шешімінің күші жойылды деп тану туралы.

Хабарламашы: А.Бурамбасва - «Шалқар аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы.